



Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік кірістер комитеті  
Төрағасының  
2014 жылғы «17» қазандағы  
№ 5 бұйрығына  
б-қосымша

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер  
комитетінің Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер  
департаменті туралы ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті (бұдан әрі – Департамент) кеден ісі саласындағы мемлекеттік басқару және бақылау, салықтардың, кеден және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсүін, міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеуді, ұстауды, аударуды, әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді қамтамасыз ету, этил спирті мен алкоголь өнімдерінің, темекі өнімдерінің өндірісін, айналымын, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің және биоотынның айналымын мемлекеттік реттеу, оңалту және банкроттық саласында мемлекеттік реттеу және бақылау (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда), салық саясатын және кеден ісі саласындағы саясатты іске асыруға қатысу, Қазақстан Республикасында Кеден одағының кеден шекарасы арқылы өткізумен, оларды Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында кедендік бақылауда тасымалдаумен, уақытша сақтаумен, кедендік декларациялаумен, кедендік рәсімдерге сәйкес шығарумен және пайдаланумен, кедендік бақылау жүргізумен байланысты қатынастарды, кеден органдары мен көрсетілген тауарларды иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығын іске асыратын тұлғалар арасындағы билік қатынастарын кедендік реттеуді әзірлеуге және іске асыруға қатысу, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындауға үәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органы болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өз атауымен мөрі және мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болып шығуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte Департамент басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Штат санының құрылымы мен лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: пошта индексі 080000, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 36.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» респубикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру респубикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілермен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен табыс әкелетін қызметті жүзеге асуру құқығы берілсе, онда осы қызметтен алынған табыс респубикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Департаменттің міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. Департаменттің міндеттері:

1) өкілеттіктері шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғамның және мемлекеттің заңды құқықтары мен мұдделерін қамтамасыз ету;

2) экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды анықтау және тергеу, сондай-ақ «көлеңкелі» экономикаға қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік

саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін стратегиялар мен бағдарламаларды іске асыру;

3) салықтардың, кеден және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдердің, сондай-ақ арнайы демпингке қарсы және өтемдік баждардың толық және уақтылы түсін қамтамасыз ету;

4) өз құзыretі шегінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігін, адам өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдіктер әлемін, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды, сондай-ақ Кеден одағына мүше мемлекеттердің халықаралық шарттарына сәйкес Кеден одағына мүше мемлекеттердің валюталарын, бағалы қағаздарды және (немесе) валюталық құндылықтарды, жол чектерін Кеден одағының кеден шекарасы арқылы өткізуге бақылауды жүзеге асыру кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;

5) өз құзыretі шегінде Кеден одағының кеден заңнамасының, Қазақстан Республикасының салық, кеден және өзге де заңнамасының сақталуын және орындалуын қамтамасыз ету;

6) өз құзыretі шегінде Кеден одағының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты кедендік-тарифтік реттеу, тыйым салу мен шектеу шараларының сақталуын қамтамасыз ету;

7) кедендік реттеу саласында тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету және Кеден одағының кеден шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдету үшін жағдай жасау;

8) Кеден одағының кеден шекарасы арқылы тауарлар өткізу кезінде зияткерлік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз ету;

9) кедендік операциялар жасау және өзара әкімшілік көмек көрсету шенберінде кедендік бақылау жүргізу;

10) тауарларды шығарғаннан кейін кедендік бақылауды жүзеге асыру;

11) трансферттік баға қолдану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

12) этил спирті мен алкоголь өнімінің, темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын, сондай-ақ мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің және биоотынның айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

13) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорларына міндепті зейнетақы жарналарын және міндепті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстай мен аударудың, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеудің және төлеудің толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз ету;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыretіне сәйкес экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;

15) оңалту рәсімінің және банкроттық рәсімнің жүргізілуіне мемлекеттік бақылау (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда);

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

#### 14. Департаменттің функциялары:

1) салықтардың, кеден және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, сондай-ақ арнайы демпингке қарсы және өтемдік баждардың толық және уақтылы түсін көздейтін заңнаманың сақталуын бақылау;

2) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінде (Салық кодексі), «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде және тиісті халықаралық шарттарда белгіленген тәртіпте халықаралық шарттардың ережелерін қолдану;

3) өз құзыреті шегінде басқа мемлекеттік органдармен Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өзара іс-қимыл жасау;

4) Департамент құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету;

5) Кеден одағының кеден заңнамасын, Қазақстан Республикасының салық, кеден және өзге де заңнамасын сақталуына бақылауды жүзеге асыру бойынша орталық және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл;

6) Департамент құзыреті шегінде жеке және занды тұлғалардың қызметіне бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

7) салықтық және кедендік әкімшілендіруді жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық бақылауды және Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік бақылауды (оның ішінде тауарларды шығарғаннан кейін) жүзеге асыру;

9) салықтық және кедендік әкімшілендіру бизнес-процестерін жаңғыртуға және реинжинирингтеуге қатысу;

10) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, электрондық қызметтер көрсету;

11) мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен регламенттеріне сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету;

12) ақпараттық жүйелерді, байланыс және деректерді беру жүйелерін, кедендік бақылаудың техникалық құралдарын, сондай-қа Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғау құралдарын пайдалану;

13) тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте салықтық, Кеден одағының және Қазақстан Республикасының кедел заңнамасында көзделген тәртіпте кедендік тексерулерді, Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында көзделген

тәртіпте трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша тексерулерді жүзеге асыру;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте жоспардан тыс салықтық тексерулерді жүзеге асыру;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте салықтардың, кеден баждарының, кеден алымдарының, бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдердің артық (қате) төленген немесе артық өндіріліп алынған сомаларын қайтаруды (есепке жатқызууды) жүзеге асыру;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ақпараттық жүйелер арқылы мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпаратты Интернет-ресурсқа орналастыру;

19) салық төлеушілердің (салық агентінің, оператордың), декларанттың және кеден саласында қызметін жүзеге асыратын өзге де адамдардың салықтық, кедендейтік тексеру нәтижелері туралы хабарламаға, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымын Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде қарау;

20) салық берешегін, кеден төлемдері, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешекті, міндепті зейнетакы жарналары, міндепті кәсіптік зейнетакы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша бойынша берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

21) хаттамалар жасау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау, әкімшілік ұстауды жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген басқа да шараларды қолдану;

22) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіпте занды күшіне енбеген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыларды қайта қарау;

23) есеп жүргізу тәртібі бұзылған жағдайда жанама әдістер негізінде салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді (активдерді, міндептемелерді, айналымды, шығындарды, шығыстарды) айқындау;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтарды төлеу бойынша салық міндептемесін орындау мерзімдерін өзгерту мәселелерін қарау;

25) салық міндептемесінің туындауына, орындалуына және тоқтатылуына байланысты мәселелер бойынша түсіндірулерді жүзеге асыру және түсініктер беру;

26) нормативтік құқықтық актілерде белгіленген құзыреті шегінде салықтық және салықтық емес түсімдерді бақылау және талдау (мемлекеттік

кәсіпорындар пайдасының үлесінен, мемлекеттік меншік болып табылатын акциялардың пакеттеріне дивидендерден, «Байқоңыр» кешенін пайдаланғаны үшін жалгерлік төлемнен, республикалық мемлекеттік мұлікті жалға беруден және сатудан, мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіруден түсетін түсімдерден, капиталмен жасалған операциялардан алынатын түсімдерден басқа);

27) мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдыруға жататын) мұлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібінің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

28) алкоголь өнімін сақтауға, көтерме және бөлшек саудада өткізуге лицензия беру;

29) этил спиртінің, алкоголь өнімінің, темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын, сондай-ақ мұнай өнімдерінің және биоотынның айналымын бақылауды жүзеге асыру бойынша жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

30) этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіру және айналымын, темекі өнімдерін өндіру саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

31) темекі бұйымдарын өндіру және олардың айналымы көлемдерінің теңгерімін бақылауды, есепке алу мен талдауды жүргізу;

32) этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіруді және олардың айналымын бақылауды жүзеге асыру;

33) мұнай өнімдерінің және биоотынның айналымын бақылауды жүзеге асыру;

34) алкоголь өнімдері мен темекі өнімдерін сату кезінде ең төменгі бағалардың сақталуын бақылау;

35) мемлекеттік кірістер органының қарамағына жатқызылған мәселелер бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өзара іс-қимыл және өз өкілеттіктері шегінде халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу;

36) жалған және қасақана банкроттық белгілерін анықтау;

37) оңалту рәсімін және банкроттық рәсімді жүргізуге мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

38) борышкердің мұлкін (активтерін) сату бойынша электрондық аукционды өткізу тәртібінің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

39) кредиторлар жиналысы ұсынған кандидатураны оңалтушы және банкроттық басқарушы етіп тағайындау;

40) табиғи монополия субъектілері немесе тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілері болып табылатын не республика экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортага әсер ете алатын, оның ішінде акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық объектілерге жатқызылған үйымдардың, сондай-ақ мемлекеттің бастамасымен банкрот деп танылған, оларға қатысты «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңында осындай тәртіп көзделген үйымдардың банкроттығы кезінде мұліктік массаны өткізудің ерекше шарттары мен тәртібін және мұліктік масса объектілерін сатып алушыларға қойылатын қосымша талаптарды белгілеу бойынша ұсыныстар енгізу;

41) оңалтушы басқарушының оңалту рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы, уақытша басқарушының борышкердің қаржылық жай-күйі туралы мәліметтерді жинаудың және банкроттық рәсімнің жүзеге асырылу барысы туралы, банкроттық басқарушының банкроттық рәсімнің жүргізілу барысы туралы ағымдағы ақпараттарын қарау;

42) уақытша басқарушының борышкерді банкрот деп тану туралы етініште көрсетілген мекенжай бойынша борышкердің жоқ екені және оның есебінен банкроттық рәсімді жүзеге асыруға болатын мұліктің (активтердің) жоқ екені туралы қорытындысын ескере отырып, жоқ борышкерді банкрот деп тануды және банкроттық рәсім қозғамай оны таратуды келісу;

43) «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңында көзделген жағдайда банкроттың мүлкін уақытша басқарушының сатуына келісу;

44) уақытша әкімшінің, оңалту, уақытша және банкроттық басқарушылардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағымдарды қарау;

45) мемлекеттік органдардан, занды тұлғалардан және олардың лауазымды адамдарынан төлемге қабілетсіз және дәрменсіз борышкерлер туралы ақпаратты сұрату және алу;

46) уақытша және банкроттықты басқарушыларға банкрот деп тану туралы занды күшіне енген сот шешімі бар тұлғаның банктік шоттарының баржоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы ақпаратты ұсыну;

47) «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бұзушылықтар анықталған жағдайда уақытша әкімшінің, оңалту, уақытша және банкроттық басқарушылардың шешімдері мен әрекеттерін (әрекетсіздігін) сотта даулау;

48) өз күзыреті шегінде оңалту және банкроттық рәсімдердің жүргізілуі, өткізілуі және тоқтатылуы бойынша түсіндірuler мен түсініктемелер беру;

49) сотқа уақытша басқарушының, уақытша әкімшінің тіркеуден шығарылғаны туралы, сондай-ақ кредиторлар жиналысына оңалту не банкроттық басқарушының тіркеуден шығарылғаны туралы хабарлама жіберу;

50) оңалту немесе банкроттық басқарушыны шеттету;

51) Кеден одағының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдаланумен декларациялау және кедендік тазартуды жүзеге асыру;

- 52) қолма-қол ақша қаражаты мен ақша аспаптарын кедендік декларациялауды жүзеге асыру;
- 53) жеке тұлғалардың жеке пайдалануы үшін Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын өткізу тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету;
- 54) халықаралық пошта жөнелтімдерімен жеке пайдалануы үшін жіберілетін тауарларды кедендік декларациялауды және кедендік бақылауды ұйымдастыру;
- 55) шетелдік тұлғалардың жекелеген санаттары Кеден одағының кеден шекарасы арқылы өткізетін тауарларды кедендік декларациялауды және кедендік бақылауды ұйымдастыру;
- 56) өз құзыреті шегінде кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға бақылауды жүзеге асыру;
- 57) өз құзыреті шегінде заңды тұлғалардың кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыруға тізілімге енгізу туралы өтініштерін қарау және аталған өтініштерді қарау нәтижелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 58) сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушыларды Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына қатысты мәселелер және мемлекеттік кірістер органдарының құзыретіне кіретін өзге мәселелер бойынша, оның ішінде Кеден одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасындағы өзгерістер мен толықтырулар туралы уақытылы хабардар етуді және кеңес беруді тұрақты негізде қамтамасыз ету;
- 59) Кеден одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес шартты шығарылған тауарларға кедендік бақылауды жүзеге асыру;
- 60) өз құзыреті шегінде Кеден одағының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кедендік-тарифтік реттеу шараларды, тыйым салулар мен шектеулерді сақтауды қамтамасыз ету;
- 61) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының кеден шекарасын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды ұлттық қауіпсіздік органдарымен және басқа да тиісті мемлекеттік органдарымен өзара іс-кимылды жүзеге асыру;
- 62) өз құзыреті шегінде Кеден одағының кеден шекарасын қорғауды және кедендік бақылау аймағы режимін сақтауды қамтамасыз ету;
- 63) тауарлардың шығарылған елін айқындаудың дұрыстығына бақылауды жүзеге асыру;
- 64) тарифтік преференциялар берудің дұрыстығына бақылауды жүзеге асыру;
- 65) Кеден одағының Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес тауарларды сыныптауына (бұдан әрі – КО СЭК ТН) бақылауды жүзеге асыру;
- 66) тауарлардың кедендік құнының дұрыс айқындалуына бақылауды жүзеге асыру;

- 67) Кеден одағы тауарларының мәртебесіне ие болмайтын тауарлар орналастырылған кезде кедендік рәсімдердің талаптары мен шарттарының сақталуына, сондай-ақ аталған кедендік рәсімдерді аяқтауға қойылатын талаптары мен шарттарының сақталуына кедендік бақылауды жүзеге асыру;
- 68) тауарлар шығарылған ел туралы алдын ала шешім, КО СЭҚ ТН сәйкес тауарларды сыныптауы мен Кеден одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес өзге де шешім қабылдау;
- 69) Кеден одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған, олардың негізінде кедендік төлемдер мен салықтардан босату берілетін құжаттарды қарау;
- 70) Кеден одағы кедендік аумағының құрамдас бөлігі болып табылатын аумақтан жүзеге асырылатын Кеден одағы кедендік аумағының құрамдас бөлігі болып табылатын аумаққа әкелуді немесе әкетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәдени құндылықтарды, қолма-қол валютаны, қаржы мониторингіне жататын, ұсынушыға арналған құжаттандырылған бағалы қағаздарды, вексельдерді, чектерді Қазақстан Республикасына әкелу немесе Қазақстан Республикасынан әкету жөнінде ақпарат жинауды жүзеге асыру;
- 71) мемлекеттік кірістер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды жасауға дайындалу және жасағаны туралы статистикалық және жедел ақпаратты жинауды, жинақтауды және талдауды жүзеге асыру;
- 72) Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көзделген тәртіpte экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді (сотқа дейінгі женілдетілген іс жүргізу), алдын ала тергеуді, тергеуді жүзеге асыру;
- 73) Қазақстан Республикасының жедел-іздестіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру;
- 74) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпаратты қорғау және ақпарттық қорғау құралдарын пайдалану жөніндегі талаптардың сақталуын жүзеге асырады;
- 75) өз құзыреті шегінде соттың қаулысы бойынша мемлекет мүддесіне орай қойылған талап-арыздар бойынша жүрген жері белгісіз болған кезде қылмыстық істер бойынша адамдарды және жауапкерлерді іздестіруді жүзеге асыру;
- 76) экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы күрес саласында мемлекеттік кірістер органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру;
- 77) Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көзделген тәртіpte сот ісіне дейін (оңтайландырылған сот ісі), контрабандамен, кеден төлемдері, салық және алымдармен байланысты тергеуді жүзеге асыру;
- 78) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

**15. Департаменттің құқықтары мен міндеттері:**

- 1) мемлекеттік органдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату, алу және беру;
- 2) Департаменттің құзыretіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы пайдалану бойынша түсіндірuler мен түсініктемелер беру;
- 3) сараптамалар, тексерулер мен консультациялар жүргізу үшін тиісті мемлекеттік органдардың мамандарын, Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары арасынан консультанттар мен тәуелсіз сарапшыларды тарту;
- 4) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау, олар бойынша хаттамалар жасау және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік жазалар қолдану;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департаменттің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;
- 6) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 4-тармағында белгіленген бір немесе бірнеше критерийлерге сай келетін күдікті операция белгілері анықталған жағдайда, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды күнтізбелік үш күнге дейінгі мерзімге тоқтата тұру туралы шешім шығару;
- 7) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға байланысты мәліметтер мен ақпарат алмасу және оларды беру бойынша өзара іс-қимыл тәртібін құқық қорғау органдарымен және арнаулы мемлекеттік органдармен бірлесіп айқындау;
- 8) Департаменттің құзыretі кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, мәлімдемелері мен шағымдарын қарау;
- 9) заңнамада айқындалған жағдайларда жеке және заңды тұлғалардан, қажетті құжаттарды, белгіленген нысандар бойынша есептіліктерді ұсынуды талап ету;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған тәртіппен, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша олардың бірлескен актілері негізінде басқа мемлекеттік органдармен, халықаралық ұйымдармен, сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылармен өзара іс-қимыл жасау;
- 11) тиісті уәкілетті органның сұрау салуы бойынша өзінің ақпараттық жүйелерінен мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен беру;
- 12) құзыretі шегінде темекі бұйымдарын өндірушілерге темекі бұйымдарын өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді беру туралы сұрату жіберу;

13) оналтуды басқарушиның кандидатурасын тағайындаудан уәжді бастартуды не оналтуды басқарушины тіркеуден алып тастау туралы хабарламаны кредиторлар жиналышына жіберу;

14) өндірісте бар материалдар мен қылмыстық істер бойынша құжаттарға, статистикалық деректер материалдарына және өзге мәліметтерге қол жеткізу, сондай-ақ олардың берілуін үйым басшыларынан және басқа лауазымды адамдарынан, жеке тұлғалардан талап ету, олардың көшірмелерін түсіру, түсіндірулер алу;

15) өндірісте бар қылмыстық істер бойынша шақыру бойынша келуден жалтарған адамдарды мәжбүрлеп келтіру;

16) Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге де мүлікті алып қою немесе алуды жүзеге асыру;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тиісті: үақытша ұстау изоляторларын, тергеу изоляторларын пайдалану;

18) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау және істерді қараша, әкімшілік ұстауды жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген басқа шараларды қолдану;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда үәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан тексерулер, салықтық және басқа тексерулер, аудит және бағалау жүргізуді талап ету;

20) жеке және заңды тұлғаларға қылмыстар мен өзге құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал еткен себептер мен шарттарды жою туралы орындалуы міндетті нұсқаулықтар, ұсынымдар беру;

21) мемлекеттік кірістер органдарына жүктелген міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйені пайдалану, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша алдын ала тергеу және анықтау барысында зерттеулер үйімдастыру;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. Департаменттің қызметін үйімдастыру**

16. Департаменттің басшылығын Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Басшы жүзеге асырады.

17. Департаменттің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департаменттің басшысы мынадай өкілеттікті жүзеге асырады:

1) өз орынбасарларының, Департаменттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының, қызметкерлерінің және қызметкерлерінің, Департаменттің аумақтық органдары басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) Департаменттің штат санының лимиті шегінде Департаменттің штат кестесін бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

Департаменттердің қызметкерлерін және қызметшілерін;

Департаменттің аумақтық органдары басшыларының орынбасарларын қызметке тағайындейді және қызметтен босатады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптे тәртіптік жауаптылық шараларын қолданады;

5) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптे Департаменттің басшыларының орынбасарларын, Департаменттің қызметкерлері мен қызметшілерін, Департаменттің аумақтық органдарының басшыларын және басшылардың орынбасарларын іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даялау), біліктілігін арттыру, көтермелебеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер бойынша іс-шаралар үшін дербес жауаптылықта болады;

8) Комитетке берілетін ақпараттардың дұрыстығына дербес жауаптылықта болады;

9) өз құзыреті шегінде Департаменттің актілеріне қол қояды;

10) барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департамент атынан шығады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің басшысы болмаған кезенде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындейды.

#### **4. Департаменттің мұлқі**

20. Департаменттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлқі болады.

Департаменттің мұлкі оған меншік иесі берген мұлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Департаментке бекітілген мұлік республикалық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департамент өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алғанған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

### **5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

23. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

---